

Көкшетау қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 тамыздағы № А-8/1531 бірлескен қаулысы мен Көкшетау қалалық мәслихатының 2019 жылғы 28 тамыздағы № С-36/4 "Көкшетау қаласында қоғамдық көлікте (таксиден басқа) Көкшетау қаласы азаматтарының жекелеген санатының жол жүру төлеу бойынша жеңілдік белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № А-5/897 қаулысы және Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2021 жылғы 6 мамырдағы № С-6/9 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 14 мамырда № 8481 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабына сәйкес Көкшетау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Көкшетау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Көкшетау қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 тамыздағы №А-8/1531 және Көкшетау қалалық мәслихатының 2019 жылғы 28 тамыздағы №С-36/4 "Көкшетау қаласында қоғамдық көлікте (таксиден басқа) Көкшетау қаласы азаматтарының жекелеген санатының жол жүру төлеу бойынша жеңілдік белгілеу туралы" бірлескен қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7350 болып тіркелген) өзгеріс енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. Көкшетау қаласында қоғамдық көлікте (таксиден басқа) Көкшетау қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына жол жүру төлеу бойынша жеңілдік белгіленсін:

- 1) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне - тегін жол жүру;
- 2) Ұлы Отан соғысының қайтыс болған мүгедегінің жұбайына (зайыбына), сондай – ақ екінші рет некеге тұрмаған Ұлы Отан соғысының қайтыс болған қатысушысының жұбайына (зайыбына) - тегін жол жүру;
- 3) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға – тегін жол жүру;
- 4) Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін"

медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға – тегін жол жүру;

5) Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұстау орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындарға – тегін жол жүру;

6) төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар аналарға, "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ І және ІІ дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көп балалы аналарға – тегін жол жүру;

7) көп балалы аз қамтылған отбасылардан шыққан мектеп жасындағы балаларға – тегін жол жүру;

8) 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға – тегін жол жүру;

9) Көкшетау қаласының құрметті азаматтарына – тегін жол жүру;

10) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне – тегін жол жүру;

11) 1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарға – тегін жол жүру;

12) мүгедектігі бар немесе зейнеткерлер болып табылатын саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына, саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккендерге – тегін жол жүру;

13) І және ІІ топтағы көру бойынша мүгедектерге, сондай-ақ сотпен әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тағайындалған қамқоршыларға – тегін жол жүру;

14) оқу жылы кезінде Қызыл Жұлдыз ауылында тұратын оқушыларға -тегін жол жүру;

15) Социалистік Еңбек Ерлеріне және "Қазақстанның Еңбек Ері" атағына ие болған адамдарға - тегін жол жүру.

16) есту кемістігі бар мүгедектерге – тегін жол жүру."

2. Осы бірлескен Көкшетау қаласы әкімдігінің қаулысы және Көкшетау қалалық мәслихатының шешімі Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

қала әкімі
Көкшетау қалалық
мәслихаты сессиясының
төрағасы

Көкшетау қалалық
мәслихатының хатшысы

Б.Ғайса

С.Максимец

Р.Калишев

